

"Sozak Oil and Gaz" "Созак Ойл энд Газ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мұнай мен газды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жария сервитут белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 15 қаңтардағы № 5 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 қаңтарда № 5373 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 16-бабының 1-тармағы 9-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, 71-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 54-бабының 1-тармағына, 85-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағы 8) тармақшасына сәйкес Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Sozak Oil and Gaz" "Созак Ойл энд Газ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне "Созак орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жерінде орналасқан жалпы көлемі 5,0 гектар жер участкеіне, жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймaston мұнай мен газды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жария сервитут 2020 жылдың 27 наурызына дейін белгіленсін.

2. "Sozak Oil and Gaz" "Созак Ойл энд Газ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылыш жұмыстары аяқталғаннан кейін бұзылған жерді қалпына келтіру жұмыстарын бір ай мерзімнен кешіктірілмей жүргізуге және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі экологиялық талаптарды сақтай отырып жүргізуді қамтамасыз етсін.

3. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ.Қ. Айтмұхаметов

Ә.Е. Тұрғымбеков

Ж.Е. Аманбаев

С.А. Қалқаманов

М.И. Мырзалиев

Ұ.Қ. Тәжібаев

А.А. Абдуллаев

А.Б. Тасыбаев

О. Шөкесев

"Sozak Oil and Gaz" "Созак Ойл энд Газ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне
мұнай мен газды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жария сервитут
белгілеу туралы" облыс әкімдігінің 2019 жылғы "___" _____ №_____ қаулысына

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК